

Бекітемін  
Мектеп директоры  
27 тамыз 2025 жыл



Р.Ж.Кобыланов

## «Нұр» шағын орталығының ата-аналарына арналған консультациялық пункт туралы ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже мектепке дейінгі ұйымда (бұдан әрі – Ұйым) ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған консультациялық пункттің (бұдан әрі – Консультациялық пункт) қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

1.2. Консультациялық пункт өз қызметін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен нормативтік-құқықтық актілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларына және Ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады: «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы. Білім туралы - "Әділет" АҚЖ (zan.kz); Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы - "Әділет" АҚЖ (zan.kz); «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 Заңы. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы.

1.3. Консультациялық пункт мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың ата-аналарына, сондай-ақ ұйым тәрбиеленушілерінің ата-аналарына әдістемелік, психологиялық және педагогикалық көмек көрсету мақсатында құрылады.

1.4. Консультациялық пункт өз қызметін ақысыз негізде жүзеге асырады.

### 2. Мақсаты мен міндеттері

2.1. Консультациялық пункттің негізгі мақсаты – ата-аналарға баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оны тәрбиелеу, дамыту және оқыту мәселелері бойынша кәсіби қолдау көрсету.

2.2. Негізгі міндеттері:

- ата-аналарға педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік кеңес беру;
- баланың мектепке дейінгі даярлығын арттыруға ықпал ету;
- ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарына қолдау көрсету;
- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;
- отбасындағы тәрбиелік әлеуетті нығайту.

### **3. Қызмет бағыттары**

3.1. Консультациялық пункт келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізеді:

- жеке консультациялар;
- топтық консультациялар;
- семинарлар мен тренингтер;
- ашық есік күндері;
- диагностикалық жұмыстар (қажет болған жағдайда).

3.2. Кеңес беру офлайн және онлайн форматта ұйымдастырылуы мүмкін.

### **4. Қызметті ұйымдастыру тәртібі**

4.1. Консультациялық пункттің жұмысын Ұйым басшысы бекіткен жоспар негізінде жүзеге асырады.

4.2. Консультациялық пункт құрамына:

- тәрбиеші;
- педагог-психолог;
- медбике енгізіледі.

4.3. Консультациялар алдын ала жазылу арқылы немесе белгіленген кесте бойынша өткізіледі.

4.4. Консультациялық пункттің жұмыс кестесі ата-аналарға қолжетімді жерде орналастырылады.

### **5. Құқықтары мен жауапкершілігі**

5.1. Консультациялық пункт мамандары:

- ата-аналардан қажетті ақпарат алуға;
- диагностика жүргізуге (ата-ананың келісімімен);
- ұсыныстар мен қорытындылар беруге құқылы.

5.2. Мамандар:

- берілген ақпараттың құпиялылығын сақтауға;
- кәсіби әдеп нормаларын ұстануға;
- сапалы кеңес беруге міндетті.

### **6. Қорытынды ережелер**

6.1. Осы Ереже Ұйым басшысының бұйрығымен бекітіледі.

6.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен енгізіледі.